

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКІТЕМІН»
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университетінің
ректоры

Г.Д.Сугирбаева
«30» 06 2021ж

«Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің
2020-2021 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі

Шымкент 2021 ж.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университетінің
ректоры**

_____ **Г.Д.Сугирбаева**

«__» _____ **2021ж**

**«Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің
2020-2021 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі**

Шымкент 2021 ж.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің 2020-2021 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі.

ОҚМПУ-дегі «Рухани жаңғыру» орталығы 2020-2021 оқу жылынан бастап «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімі болып қайта құрылды. Соған сәйкес бөлімнің штаттық құрамы қосымша екі маманға ұлғайды. Олар: 1 штат комплеанс-офицер және 1 штат тәрбие ісі маманы. Оқу жылы басында ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (12.04.2017.) және «Ұлы Даланың жеті қыры» (21.11.2018.) атты бағдарламалық мақалаларында көрсетілген барлық бағыттарды қамтитын және ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңы (2015 ж. 18 қараша) талаптарына негізделген бөлімнің оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары түзіліп бекітілді. Жоспардағы көрсетілген негізгі іс-шаралар елдегі пандемиялық жағдайға орай онлайн және ішінара офлайн түрде атқарылды.

«Рухани жаңғыру» бағытындағы жұмыстар ЖОО Ғылыми Кеңесінде және факультеттер кеңестерінде үнемі назарда ұсталып келеді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының орындалуына қатысты мемлекеттік мекемелермен, оның ішінде Шымкент қалалық Ішкі саясат бөлімі, «Рухани жаңғыру» офисі мен қаладағы ЖОО осы бағыттағы бөлімдерімен және қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыстар орнатылған.

Оқу жылының сабақтары онлайн түрде басталғандықтан I курс студенттеріне аталған бөлімнің жұмысы туралы арнайы ақпараттар онлайн түрде таныстырылымдар және интернет сайтта қойылған материалдар арқылы жеткізілді. Бұл бағыттағы жұмыстарда жалпы алғанда жоғары курс студенттерінің бөлім жұмыстарымен таныстық деңгейі I курс және ЖОО-на жаңа келгендермен салыстырғанда жоғары болғандықтан нысанаға жаңадан келген студенттер көбірек алынды.

«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы мен тәрбиелік бағыттардағы жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру бойынша 2020-2021 жылы ЖОО-ның арнайы жоспарына сай және жоспардан тыс аталған бөлім тарапынан төмендегіше жұмыстар жүргізілді.

1. «Бәсекеге қабілеттілік», «Прагматизм» «Білімнің салтанат құруы» бағыттары бойынша:

ОҚМПУ қабырғасында «Рухани жаңғыру» бағытындағы іс-шаралар тек ғылыми, тәрбиелік сипаттарда ғана емес, ең бастысы жастардың білімін заманауи деңгейлердегі оқулықтармен жүргізу мақсаттарына да сай жүріп отырды. Оның ішінде студенттердің оқу жоспарларын түзуде «100 жаңа оқулық» айдарымен шыққан еңбектерді кеңінен пайдалану туралы ұсыныстар мен қатар ол кітаптардың мазмұнын жастарға таныстыру, оларды пайдалану жолдарына байланысты арнайы семинарлар өткізу жұмыстары жалғасын тапты. 2020-2021 оқу жылында ЖОО-ның кітапханасына қосымша 23 аталымдағы кітаптармен толықты. Жалпы алғанда бүгінгі күнге ОҚМПУ-дың кітапханасының қоры 106 аталымдағы 12 577 дана кітаптармен жабдықталған. Оның ішінде, 4 атаулы әдебиет орыс тілінде -356 дана, қазақ тілінде- 102 атаулы -12221 дана, сөздіктер-екі атау 178 дана кітаптар.

Бұл орайда, ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» және тәрбие бөлімінің тарапынан кафедралардың арасында **«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»** жобасы аясында жарық көрген оқулықтардың мазмұны мен ерекшеліктерін ПОҚ және студенттер арасында жекелеп таныстыру айлығын өткізу туралы арнайы кестесі бекітіліп ұсынылды. Сол жоспардың аясында жаңа кітаптармен танысу ісінде бірқатар жүйелілікке қол жетті. Сонымен бірге ол еңбектерді оқу үдерісіне енгізудің тиімді жолдарына қатысты арнайы семинарлар

өтті. Бұл істерге ЖОО Жастар комитеті белсенділері де тартылды.

Аталған бағыттардағы жұмыстар ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығы тарапынан сабақтан тыс уақыттарда да студенттер жатақханаларында белсенді студенттердің бастамасымен де өз жалғасын тапты. Мысалы, 2020 жылдың 21 қазан күні «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында жарияланған еңбектерді таныстыру бойынша онлайн таныстырылым өтті. Іс – шара барысында 1 курс студенті Ибадуллаева Мөлдір жаңа оқулықтардың негізгі мазмұнымен орталыққа келіп түскен 77 аталымдағы кітаптардың онлайн түрде оқи алатындығын түсіндіріп өтсе, бөлім басшысы Қ. Анарбаев осы 77 аталымдағы еңбектер жылдың соңына дейін тағыда бірнеше еңбектердің келіп түсетінін мәлімдеді. Өз кезегінде жастар осындай игілікті жұмыстар арқылы еліміздің дамыған 30 елдің қатарына қосылатындығына кәміл сенімді екендіктерін жеткізді.

ЖОО-дағы «Рухани жаңғыру» бағытындағы жұмыстар барысымен таныстырылым жасау мақсатында Шымкент қаласы «Рухани жаңғыру» штабының қызметкерлері тарапынан арнайы түсірілім жасалып, одан ары материалдар әлеуметтік желілерге де қойылды.

2020 жылдың 6 қазан күні ZOOM желісі арқылы Шымкент қаласының Ішкі саясат және жастар ісі жөніндегі басқармасы тарапынан республикалық кітап жобасы аясында ұйымдастырылған Ақселеу Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты еңбегінің талқылауына ЖОО студенттері мен ПОҚ қатысты.

2020 жылдың 30 қазан күні Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде онлайн «Педагогикалық білім берудің заманауи трендтері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Аталған конференцияларға ұлттық құндылықтар мен «ұлттық кодты» тану мен сақтау, оны білім мен тәрбие істерінде пайдаланудың жолдары бойынша ОҚМПУ ПОҚ мен докторанттары, магистранттарының ғылыми мақалалары ұсынылды. Бүгінгі қоғамдағы білімнің салтанат құруында олардың пайдалы тұстары сөзсіз.

2020 жылдың 25-қараша күні Алматы облысындағы Абай атындағы РММИ-дің «Ділмар» шешендік өнер үйірмесінің ұйымдастыруымен «Тілдегі тарих» тақырыбында онлайн сұхбат өтті. Сұхбатқа Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы, т.ғ.к. Қайрат Анарбаев қатысты. Сұхбат барысында бүгінгі жастардың ұлттық танымы мен ұлттық ойлау жүйесіне, мемлекеттік және ресми тілдердің маңызы мен рөліне қатысты мәселелер кеңінен талқыланды.

2020 жылдың 26-қараша күні Назарбаев Зияткерлік мектебі NIS-тің ұйымдастыруымен «Ақылды бейсенбі» айдарында: «Қазақстандық жастардың отан сүйгіштік қасиеттерін дамыту «Рухани жаңғыру» бағдарламасының рөлі қандай?» атты тақырыпта онлайн сұхбат өтті. Айдар қонағы ретінде ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы т.ғ.к. Қайрат Анарбаев қатысты. Іс-шараға қатысушы жастармен ел жастарының болашағы, қазіргі жағдай, қарқыны, мақсаттары туралы ойларымен бөлісілді.

2020 жылдың 04-05 желтоқсан күндері Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпыреспубликалық жоспарының 36-тармағын орындау мақсатында «Абай әлемі» жалпыұлттық онлайн-студенттік өнер фестивалінің іріктеу кезеңін өткізілді.

2020 жылдың 09 желтоқсан Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде «Үздік қызметкер» Ережесіне сәйкес факультетаралық «Үздік тәлімгер» атты байқау өткізілді. Байқауға 6 факультеттен 7 үміткер қатысты:

Әдеп бойынша кеңес мүшелерінен тұрған комиссия шешімі нәтижесінде төмендегі тәлімгерлер жеңімпаз атанды:

1-орын – 805 балл – Нурманова Женискуль Кульбаевна – Тарих және педагогика факультеті «Педагогика» кафедрасының магистр-аға оқытушысы;

2-орын – 520 балл – Маликова Ақерке Әділханқызы – Филология факультеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының магистр-оқытушысы;

3-орын – 422 балл – Мейірбек Нұрсәуле – Филология факультеті «Ағылшын тілі» кафедрасының магистр-оқытушысы.

Сонымен қатар жеңімпаздарға қаржылай сыйақы берілді. Тәлімгерлерді ректор міндетін уақытша атқарушы, оқу және оқу әдістемелік істер жөніндегі проректор, ректор м.а. Исабек Баршагүл Қашқынқызы, әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректор Байғұтова Ақлима Мархабатқызы марапаттады.

2020 жылдың 10-желтоқсан күні ОҚМПУ студенттері мен қаладағы Индустралды-техникалық колледж білім алушыларының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында ЖОО-ның «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы т.ғ.к. Қайрат Анарбаевпен «Ұлттық таным. Тіл. Тарихи сана» тақырыптарына қатысты арнайы онлайн кездесу жиыны өтті. Сұхбат қазақ және орыс тілдерінде пікір алмасумен ерекшеленді.

2020 жылдың 13-желтоқсан күні Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы және ҚР Ассамблеясының 25-жылдық мерейтойына арналған «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» атты онлайн сұхбат өтті. Оған қаладағы ҚХА өкілдері қатысты. Қазақстандық ұлттық бірегейлікті сақтаудағы мемлекеттік тілдің рөліне қатысты ой – пікірлер алмасқан сұхбаттың толық нұсқасы интернет жүйесіне шығарылды.

2020 жылдың 14-желтоқсан күні ҚР Тәуелсіздігінің-29 жылдығына орай Отырар қалалық Ғылыми-әмбебап Кітапханасымен «Тәуелсіздік – баға жетпес құндылық!» тақырыбында онлайн сұхбат өтті. Оған қатысқан бөлім басшысының Тәуелсіздіктің тарихи құндылығына, оның бүгінгі бағалануы мен қастерленуіне қатысты пікірлерінің толық нұсқасы әлеуметтік желілерге қойылған.

2020 жылдың 15-желтоқсан күні Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен «Алаш мұрасы және Қазақстан Тәуелсіздігі» тақырыбында онлайн сұхбат өтті. Сұхбатқа Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, белгілі ағартушы Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы арнайы қонақ ретінде қатысты. Сұхбат барысында Алаш арыстарының арманы, ЖОО-да Қазақстан тарихы оқытылмауы, 100 жаңа оқулық бағдарламасы аясындағы кітаптардың пайдасы мен маңызы туралы, ХХ ғ. басындағы Қазақ зиялылары кейбір идиологиялық тұрғыдан бөліну себептері ауқымды түрде кеңінен қарастырылды.

2020 жылдың 15-желтоқсан Шымкент қаласының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» ММ-мен INSTAGRAM желісі арқылы «Рухани келісім – зайырлы мемлекет тірегі» тақырыбында онлайн сұхбат өтті.

25 қаңтар күні ОҚМПУ-де «Тәуелсіздік және тарихи тұлға» атты Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына және Абылай ханның 310 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Конференцияға ОҚМПУ ректоры Г.Д. Сугирбаева бастаған университет ПОҚ-ы мен Венгриядан Кароя Эстерхази университетінен доктор Тунде Таско, Ресей Федерациясынан Тіл білімі институтынан филология ғылымдарының докторы, профессор Уфимцева Наталья Владимировна, И.Н. Ульянов атындағы мемлекеттік

педагогикалық университеті педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Гайнеев Эдуард Робертович, Татарстан Республикасынан Қазан Федералды университетінің философия ғылымдарының кандидаты Ибрагимова Зульфия Зайтуновна, ОҚМПУ-нен тарих ғылымдарының кандидаты Исабек Баршагүл Қашқынқызы, филология ғылымдарының кандидаты Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы, тарих ғылымдарының кандидаты Алдаберген Муслим Нурмаганбетович педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Нұрманова Жеңіскүл Көлбайқызы қатысты.

2021 жылдың 3 ақпан күні №1 студенттер үйінде «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ. Анарбаев, Жастар саясаты бөлімінің мәдени іс - шаралар ұйымдастырушысы Ө.А.Мүсілімнің қатысуымен «Салауатты өмір салты – ұлт болашағы» тақырыбында 1 курс студенттерімен тәрбие сағаты өтті. Іс- шара спикері ауылдан қалаға білім қуып келген студент жастарымыздың кей тұстарда тез бой алдырып басқаларға еліктеп, денсаулықтарына нұқсан келтіріп жататынын тілге тиек етті. Соның ішінде қала өмірінің күрделілігі мен барлығын сезіммен емес, сергек ақылымен пайымдап қарау керектігін жастардың ұғынғанын дұрыс екендігін жеткізді. Әсіресе, жастарды темекі, арақ, нашакорлықтан, СПИД-тің қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасының зиянды жақтары, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдерденбарынша аулақ болуға шақырды. Рухани дерттерді жойып саналы ұрпақ тәрбиелеуге ата – бабалардың ойлау ерекшелігі салт- дәстүрімен сабақ алудың маңызы қоғамда сенімдер келтіреді. Іс-шара барысында тақырыпқа байланысты қызу талқылаулар жүріп, студент жастар өз ойларын ашық жеткізе білді. Іс –шараның ұнағанын, жастардың көңілінен шыққанын осындай сұхбат тағы да өткізу туралы ұсынысы байқалды.

2021 жылдың 4 ақпан күні № 4 студент «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ.Анарбаев, Биология кафедрасының аға оқытушысы А.Т. Мусабековтың қатысуымен «Салауатты өмір салты – ұлт болашағы» тақырыбында 1 курс студенттерімен тәрбие сағаты өтті. Кездесу барысында Қ.Анарбаев қалаға білім іздеп келген жастарға қазіргі кезеңде үнемі алда тұрған өзекті мәселенің бірі – адам тәрбиесі, яғни жас ұрпақ тәрбиесі. Өкінішке орай қазіргі таңда «нашакорлық», «ішімдік», «темекі» торына бейкүнә жандар ілігіп, дүние салып, аурулардың азабын тартып жатқаны айдан анық. Отанымыздың ертеңгі жағдайы сендердің қандай азамат болып өскендеріңе байланысты. Сондықтан жаман әдеттерден аулақ болып төзім, табандылықпен білім сатысынан көрініп саналы, сауатты, салауатты азамат болып, қазақ елінің жарқын болашағын кұрайтын жастар екендігін тілге тиек етті.

2021 жылдың 11 ақпаны күні Филология факультетінің ұйымдастыруымен **«Латын Әліпбиі-Өркениет жолы»** атты семинар өтті. Іс-шара барысында Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудағы 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, латын әліпбиінің маңызын, қажеттілігін барынша түсіндіру, жаңа қазақ жазуын қолданысқа енгізудің негізгі мәселелерін жеткізу туралы сөз қозғалды.

2021 жылдың 25 ақпанда Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына орай ОҚМПУ қабырғасында “**Тыңда, дала, Жамбылды!**” атты поэтикалық іс-шара өтті. Кеш барысында оқу орнымыздың басшысы Гүлжан Дәулетбекқызы “Ленинградтық өрендерім” өлеңімен бастап ашып, филология факультетінің түлегі Нұрғали Әнәпияның арнауымен жалғасын тапты. Көрермендер Жамбылдың жырларын оқыған шәкірттердің өнерін тамашалады. Әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректор Ақлима Мархабатқызы ақынның әдемі туындысынан шашу шашса, факультет деканы Нариман Жұмашұлы Жамбыл жайлы зерттеушілердің естеліктерімен бөлісті.



2021 жылдың 17 наурыз күні ОҚМПУ қабырғасында «**Жаһандану үдерісіндегі білім, ғылым және тәрбие**» атты Байтанаев оқулары -9 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция онлайн өтті. Конференцияға алыс-жақын шетелдік ғалымдар, оқу орнымыздың профессор-оқытушы құрамы және «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ.Анарбаев сонымен қатар ғалым Әбіш Байтанаевтың қызы Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Байтанаева-Молдалиева Динаида Әбішқызы қатысты. Дина Әбішқызы ғалымның «Абай жолы» роман-эпопеясының көркемдік ерекшеліктері туралы ғылыми-зерттеу жұмысына шолу жасаса, конференция барысында тарихи рухани сабақтастықтар жөнінде Қ.Анарбаев Махмұд Қашқаридің «**Диуан Луғат ат-Турк**» еңбегіндегі саяси билік пен билік иелеріне қатысты кейбір ұлттық дүниетанымдық деректер» атты тақырыпта баяндамасы көпшілікке ұсынылды.

Конференция материалдары ретінде ғалым-ұстаздың ғылым көкжиегіне қосқан үлесі мен ұстаздық дара жолы туралы, сонымен қатар білім мен ғылымның дамуына үлес қосатын 300-ге жуық мақала жинақталды.

2021 жылдың 18 наурыз күні Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің дәстүрлі түрде ұйымдастыруымен «Үздік қызметкер» ережесіне сәйкес «**Үздік ғалым**» байқауы өтті.

Байқау нәтижесіне сәйкес:

I орын иегері Жаратылыстану факультеті, химия кафедрасының профессоры м.а., химия ғылымдарының кандидаты, доцент **Мәдібекова Ғалия Мүтәліқызы** марапатталды.

II орын иегері Физика-математика факультеті, Физика – математика ғылымдарының кандидаты және аға оқытушысы **Джаманкараева Мадина Алданқызы** марапатталды.

III орын иегері Филология факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, философия PhD докторы **Нұрманов Бекарыс Тілегенұлы** марапатталды.



2021 жылдың 6 сәуір күні ОҚМПУ-де «Жаңа білім гуманитарлық білім Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында жарық көрген оқулықтарды пәндер негізінде оқу үдерісіне енгізу, әдебиеттер тізімін толықтыру тақырыбында семинар өтті. Басқосуда филология кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Д.Байғұтова гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік деген университет оқулықтары түрлі тілдерден қазақшаға аударылып, студенттерімізге дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуына мүмкіндік бергенін айтты. Сондай-ақ оқулықтарды қазақ тіліне аудару барысында Қазақстан әлемдегі алдыңғы қатарлы жоғары білім беру орындарымен тығыз әріптестік орнатқанын, қазақ тілі халықаралық ғылыми лексикамен байып, ғылыми терминологияны дамытуға, академиялық жазу стилін жетілдіруге, қазіргі ғылыми зерттеу және баяндау әдістерін игеруге негіз болғанын айрықша атап өтті. Семинарда кафедраның аға оқытушысы, ф.ғ.к. Ұлбала Қайырбекова, кафедра доценті, ф.ғ.к. Р. Кажиякбарова жаңа оқулықтарды бағдарламаға енгізу тәсілдері және жарық көрген кітаптардың маңыздылығы тақырыбында баяндама жасады.

2021 жылдың 16 сәуір күні Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы Жаңа гуманитарлық білім, қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оқытушылармен онлайн іс-шара өтті. Шараның мақсаты: қазақ тіліндегі 100 оқулықтың ішінен кафедра мамандықтарына жақын оқулықтар тізімін жасап, таныстыра отырып, студенттерге оқуға кеңес беру болатын. Аталмыш іс-шарада кафедрамыздың жас ғалым аға оқытушысы, философия докторы Саймбетова Ж.Т. және докторанттары магистр аға оқытушы Л.Умралиева, А. Рыскулов өз баяндамаларымен бөлісіп, оқулықтарға шолу жүргізді.

2021 жылдың ОҚМПУ-нің Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасы «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» тақырыбында онлайн әдістемелік семинар өткізді. Оған философия ғылымдарының кандидаты Қ. Бекдаулетова модераторлық жасады. Семинарда «Әлеуметтік-гуманитарлық білімді қалыптастырудағы әлеуметтану теорияларының рөлі», «Әлеуметтану негіздері оқулығын пайдаланудың әдістемелік аспектілері», «Б. Рассель "Батыс философиясының тарихы», «Саясаттану пәнін оқытуда жаңа оқулықтарды пайдаланудың әдістемелік аспектілері» және «100 жаңа оқулық білім алудың жаңа көкжиектері» атты тақырыбында баяндамалар оқылды.



2021 жылдың 29 мамыр күні ОҚМПУ Тарих және педагогика факультеті Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру: қоғамдық сананы жаңғырту» атты республикалық презентациялар байқауы өтті. «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ. Анарбаев байқауға қатысып, модераторлық жасады. Байқау қатысушылары арнайы Алғыс хаттармен марапатталды.

2021 жылдың 25 маусым күні Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде дәстүрлі түрде «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің ұйымдастыруымен «Үздік қызметкер» ережесіне сәйкес «Үздік қызметкер» байқауы өтеді деп күтілуде.

2. Тәрбие бағыты және «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «Ұлттық бірегейлікті сақтау» және «Сананың ашықтығы» бағыттарында атқарылған негізгі жұмыстар.

2020 жылдың 28 тамыз күні ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» және тәрбие бөлімінің басшысы Қ.С.Анарбаев Ы.Алтынсарин атындағы облыстық балалар кітапханасында Қазақстан Республикасының Конституциясының 25 жылдығына орай «Ата заң – еліміздің тірегі, Тәуелсіздігіміздің тұғыры» атты тақырыпта онлайн сұхбатқа қатысты. Сұхбат барысында Ата заң мемлекеттігіміздің негізгі заңдық құжаты және оның бұрынғы бабалар қолданған заңдар жүйелерімен тарихи сабақтастығы, сонымен қатар бүгінгі өркениетті елдер Конституцияларымен демократиялық тұрғыдан үндестіктері туралы сөз қозғалды.


2020 жылдың 2 қыркүйек күні Шымкент қаласы «Адалдық алаңы» қызмет орталығының ұйымдастыруымен өткен «Өскелең ұрпақтың тәрбиесі адалдық, парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» атты тақырыптағы онлайн сұхбатқа Рухани жаңғыру және тәрбие бөлімінің басшысы Қ. Анарбаев қатысты. Сұхбат барысында сыбайлас жемқорлықпен күрес қоғамдағы ең өзекті мәселе екеніне назар аударылып, тарихи жағдайда ата-бабаларымыздың адалдық пен адал өмір сүру қағидаттары бойынша әңгіме өрбіді. Осы мәселелерге қатысты тарихи деректік маңызы мол әңгімелер мен пікіралмасулар 2020 жылдың 3 қыркүйек күні Шымкент қаласы, Қаратау ауданы бойынша төтенше жағдайлар бөлімінде ұйымдастырылған «Адалдық алаңы» онлайн іс –шараларында одан ары жалғасын тапты. Осы жерде атап көрсетерлігі барлық басқа мекемелермен бірігіп өткізілген іс-шаралардың сайттары туралы мәліметтер бөлімнің және ЖОО сайттарына орналастырылып студенттердің олармен танысу мүмкіндігі қарастырылды.



2020 жылдың 4 қыркүйек күні ОҚМПУ «100 жаңа оқулық» коворкинг орталығында елімізге танымал ғалым, журналист-жазушы, білікті педагог маман тарих ғалымдарының докторы, профессор Сәбит Жолдасовтың (1940-2015) 80 жылдығына орай ғалымды еске алуға арналған «**Туған жердің тарихын тақырып еткен ғалым**» атты онлайн сұқбат өтті. Онлайн сұқбатқа ЖОО басшылары, ғалымның отбасы мүшелері, әріптестері мен шәкірттері қатысты. Онлайн сұқбатты жүргізген «Рухани жаңғыру» және тәрбие бөлімінің басшысы, т.ғ.к. Қ.Анарбаев тақырыпқа сай ғалымның бүгінгі жас ұрпаққа сабақ болар тұстарын айқындай түсетін арнайы көрмені таныстырып өтті. Онлайн сұқбатқа ЖОО ректоры міндетін атқарушы, т.ғ.к., доцент Г.Д. Сугирбаева, I проректоры, т.ғ.к., доцент Б.Қ.Исабек т.б. ПОҚ және отбасы мүшелері қатысты. Олар белгілі тарихшы ғалым туралы өз естеліктерімен және кейінгі буынға тәрбиелік жақтарына тоқталды. Отбасы мүшелеріне ғалым мұраларын сақтап, оларды жинақтап отырғанына алғыс айтты. Өз кезегінде сұқбатқа келген отбасы мүшелері іс-шараның өтуіне мұрындық болған ОҚМПУ-нің басшылығына ризашылықтарын айта отырып, ғалымның бірнеше кітаптарын ЖОО кітапхана қорына сыйға тартты.



2020 жылдың қыркүйектің 4 күні ҚР «Тіл туралы» заңы талаптарын орындау мен «Рухани жаңғыру» бағдарламаларының мәнін студенттерге одан ары насихаттау бағытында аталмыш бөлім және Филология факультетінің ұйымдастыруымен «Мәңгілік елдің – мәртебелі тілі» атты онлайн дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелде Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы, қайраткерлік қызметі жайында тағлымды әңгіме болды. Дөңгелек үстелге қатысушылар мемлекеттік тіл мәртебесі мен дәрежесі, туған тілдің тарихы мен келешегі, жөнінде пікірталас өрбітті. Іс-шараға әлеуметтік желілер арқылы қатысқан студенттер де өз ойларын ортаға салып, елдегі «үш тілділік» бағытындағы саясаттың төркіндеріне үңілді. Дөңгелек үстел барысында қатысушылар Мемлекеттік тіл мәртебесін жоғары ұстай отырып өзге тілдерді құрал ретінде пайдалана білу өзекті мәселе екеніне тоқталды.



Аталған тақырып 2020 жылдың 7 қыркүйек күні «Қызмет» газетінің тілшісі Қойлыбай Әзімбек пен Рухани жаңғыру және тәрбие бөлімінің басшысы т.ғ.к., доцент м.а. Қ.С.Анарбаев арасында ҚР Президенті Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауындағы айтылған «Ұлттың жаңа болмысы» және қоғамды рухани жаңғырту мәселелері төңірегінде сауалнамалық сипаттағы әңгіме барысында да одан ары жалғасын тапты.



2020 жылдың 16 қыркүйек күні ОҚМПУ ұжымы республикаға белгілі дінтанушы, ғалым, парапсихолог, ақын Айнұр Әбдірәсілқызының қатысуымен «Дәстүрлі және қазіргі қоғамдағы қыз бала тәрбиесі» тақырыбында онлайн сұқбат өткізді. Онлайн сұқбатқа модераторлық еткен ЖОО-ның «Рухани жаңғыру» және тәрбие бөлімінің басшысы Қ. Анарбаев бүгінгі қоғамдағы қыз балалар тәрбиесі мен ұлттың, мемлекеттің болашағы тікелей байланысты екенін айта келе, сұқбатқа қатысып отырған ЖОО ұстаздары мен студент жастарын және әлеуметтік желі қолданушылары белсенді болуға шақырды. Өз кезегінде сөз алған сұқбат қонағы дәстүрлі тәрбие жолдарының бүгінгі күні өзекті болып жүрген тұстарына арнайы тоқталды. Өмірлік тәжірибелерінен мысалдар келтірді. Сонымен қатар жастар көкейіндегі көп сауалдарға қанағаттанарлық сипаттарда жауаптар берді. Сұқбатқа қатысушылар Айнұр Әбдірәсілқызына ризашылықтарын білдіріп жатты. Сұқбат соңында ЖОО басшылығы және дінтанушы маман, ұстаз, парапсихолог, ақын Айнұр Әбдірәсілқызы тағы да осындай өзекті мәселелер төңірегінде таяу уақыттарда жаңа кездесулер ұйымдастыруға өзара уағдаласты.

2020 жылдың 28 қыркүйек күні ЖОО-ның №1 жатаханасында «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ.Анарбаев және комплеанс-офицері А.Амирхановтың қатысуымен ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы жылғы Қазақстан халқына жолдауын ЖОО студент жастарына насихат-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кездесу барысында Қ. Анарбаев студент жастарымызға Жолдаудың ерекшелігіне тоқтала отырып, Жолдаудың негізгі бағыттары елдің даму стратегиясына сәйкес бірқатар құрылымдық міндеттерді

іске асыруға бағытталғанын, сонымен қатар, білім беру сапасын жақсартуға аса мән берілгенін тілге тиек етті. Жиын барысында ОҚМПУ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, академиялық және парасаттылық мәдениеті туралы ЖОО комплаенс офицері А. Амирханов студенттерге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпараттармен бөлісіп, ол кеселдің қоғамға тигізетін зияны туралы түсінік берді. Өз кезегінде белсенді студент жастарымыз көтерілген тақырыптарды тыңдап қана қоймай, өз пікірлерін де білдірді.

2020 жылдың 30 қыркүйек күні Филология факультетінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Президенті, мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» жолдауы аясында, «XXI ғасыр көкжиегіндегі ғылым мен білім» атты онлайн сұхбат болды. Сұхбатқа ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы, т.ғ.к., Қ.С.Анарбаев қатысты. Сұхбат барысында қазіргі таңдағы ғылым және білім, тәрбие мәселесі бойынша сөз қозғады. Студенттерге Жолдаудың маңызы мен міндеттері жайында түсіндірілді. Тікелей эфирде көрермендер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп ізденушілеріміз бен ұстаздарымызды да төл мерекесімен құттықтауды да ұмыт қалдырмады.

2020 жылдың 9-10 қазан күндері Сарыағаш, Келес аудандарында Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын насихаттау және 3 жылда атқарылып жатқан жұмыстармен таныстыру мақсатындағы іс-шараларға ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы т.ғ.к., доцент м.а. Қ.Анарбаев қатысып, өңір тұрғындарымен кездесті. Сол кездесулерде Қ.Анарбаев ұлттың бойындағы Рухани құндылықтарды одан ары дамытуға және де өздерінің жауапкершілік сезімдерін ояту, жастардың бойына сіңіру, ұлттық жобаны бірге іске асыруға қатысты арнайы баяндама жасады.

2020 жылдың 10 қазан күні «Рухани жаңғыру» бағдарламасының **«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»** жобасы аясында. **Ұйымдастырушы:** магистр-оқытушы Орал Әсем. **Спикер:** магистр-оқытушы Одаманова Гульзира. Іс шара Zoom-интернет платформасыарқылы өтті. Онлайн жүйеде өткендіктен факультеттің Facebook, Instagram желілеріне салынды.

2020 жылдың 14 қазан күні Шымкент қалалық жасөспірімдер кітапханасында жазушы журналист Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Мархабат Байғұттың "Түркілер төрі Түркістан" кітабының тұсаукесері өтті. Іс-шараға ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы т.ғ.к., доцент м.а. Қ.Анарбаев қатысып баяндама жасады. Кездесу барысында жаңа кітаптың құндылығы, ерекшелігі жайында жан-жақты пікірлері ортаға салынып, жиын соңында бөлім басшысы арнайы алғыс хатпен марапатталды.

2020 жылдың 16 қазан күні ЖОО-ның №1 жатахананың студент жастарымен бірге ОҚМПУ комплаенс офицері А. Амирханов «Сыбайлас жемқорлық пен күресу» мақсатында кездесу өткізді. Кездесу барысында А. Амирханов сыбайлас жемқорлықпен күресу мемлекетіміздің бүгінгі күндегі күрделі мәселесі болып отырғандығын айтып, қарсы тұрудың негізгі басымдықтары мен міндеттері туралы білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және күресу бойынша мағұлматтар берді. Студенттер пікірталасқа белсенді қатысып, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер жан-жақты талданып, алдын алуға байланысты жұмыстардың тұрақты жүргізілуі қажет екендігін айтып, қатысушылар айтылған мәселе бойынша ғана емес, сонымен қатар тәрбие мәселесі бойынша жауап алды.

2020 жылдың 22 қазанда Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Дене шынықтыру және спорт факультетінің 1-курс студенттерімен "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" ұлттық спортты насихаттау аясында Оңтүстік Қазақстан

мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттерімен қазақ күресінен, дзюдодан ҚР спорт шебері, самбодан ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Рио-де Жанейро қаласында өткен параолимпиадасының қатысушысы, ҚР еңбегі сіңірген жаттықтырушысы «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының иегері Құралбай Орынбасармен онлайн кездесу өткізілді. Кездесу барысында Қ.Орынбасар спорттағы үлкен жетістіктерімен бөлісіп, студент жастарымыздың қойған сұрақтарына тұшымды жауаптар берді.

2020 жылдың 18-қараша күні Шымкент қаласының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің дінтанушы маманы Нұртаза Тойшиев Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы т.ғ.к. Қайрат Анарбаевпен «Зайырлы мемлекеттің рухани мерекелері» атты онлайн сұхбат өтті. Сұхбат барысында Рухани мерекелердің еліміздегі орны талқыланды. Сұхбат мазмұны әлеуметтік желілерде тікелей эфир түрінде тарады.

2020 жылдың 24-қараша күні «Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы «Рухани жаңғыру» бөлімі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы т.ғ.к. Қайрат Анарбаевпен «Қазақы таным» және «ұлттық код» атты тікелей эфирде онлайн сұхбат өтті. Сұхбат барысында Қазақы таным, ұлттық таным және де ерекшеліктер жөнінде талқылаулар болды.

2020 жылдың 15 желтоқсан күні «Oñtústik» телеарнасына «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ. Анарбаев «**Ұлтаралық татулық, қоғам тұрақтылығының кепілі**» атты тақырыпта сұхбат берді. Кездесу барысында Ұлтаралық қатынас мәдениеті белгілі бір қоғамдағы әр түрлі ұлт өкілдері арасындағы қатынас туралы сөз болды.

2021 жылдың 3 ақпан күні ОҚМПУ-де «Қоғамда деструктивті діни ағымдар ықпалының алдын-алу жолдары" тақырыбында Шымкент қаласы Абай ауданы Темірші ата мешітінің имамы Е.Қалшабеков және Шымкент қаласы дін істері басқармасының "Дін мәселелерін зерттеу орталығы" КММ-нің теолог-маманы Т. Баймановамен тәрбие сағаты өтті. Кездесу мақсаты қоғамда радикалды діни идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыру үшін жастармен жүйелі және тиімді өзара жұмыс істеу, жастарды жалған деструктивті діни ағымдардан сақтандыру.



2021 жылдың 4 ақпаны күні ОҚМПУ Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі таныу мамандықтарының 1- курс студенттері «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөліміне келіп, «Рухани жаңғыру» туралы мағұлыматтар алды. Бөлім басшысы Қ.Анарбаев білім табалдырығын енді аттаған студент жастарымызға Елбасы мақаласында айтылған алты бағыт пен «Ұлы Даланың жеті қыры», сондай-ақ осы бағытта ЖОО атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды.

2021 жылдың 5 ақпан күні А.С.Пушкин атындағы Түркістан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы ұйымдастыруымен «Жаңа заман. Қазақстан. Кітапхана» тақырыбында облыстық online digital сессиясы өтті. Отырыста Қ.Анарбаев мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласын баяндама жасады. Сессия барысында орталық кітапханалар мен балалар кітапханалары үшін маңызды тақырыптар сөз болды.

2021 жылдың 10 ақпан күні «Назарбаев орталығында» «Аталар тілегі – жастардың рухани тірегі» атты рухани танымдық кеш өтті. Кешке модераторлық жасаған «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімі басшысы Қ.Анарбаев кештің мақсаты мен қонақтарын таныстырып өтті.

Кеш қонақтары: 1. К. Төлебаев - Шымкент қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасының орынбасары.

2. Б. Сейдахмет - Шымкент қаласы Ардагерлер кеңесінің мүшесі.

3. М.Естеміров – Шымкент қаласы орталық мешіт наиб имамы.

4. ЖОО студент жастары.

Кеш қонақтары студент жастарға, елдің рухани жаңғыруында дәстүрлі қазақ қоғамындағы тәрбие жүйесі, оның ішіндегі аталар батасы, әкелер тілегі жастардың, жалпы қоғамның рухани тірегі болғанына тоқталды. Кеш барысында Мегполисте жаңадан құрылып жатқан дәстүрлі қоғамның рухани құндылықтарын жаңғыртуда ерекше орны болады деп күтіліп отырған «Әкелер мектебі» жұмыстарының бағыттары туралы мол мағлұматтар айтылды. Іс-шараның көпке ұнамды болғанын кеш қонақтарына жастар тарапынан қойылған сұрақтар мен арнайы сазды бағдарламалардан байқалды. Кеш соңында ардагер ақсақал Байдәулет Сейдахмет жастарға бата берді.



2021 жылдың 10 ақпанында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде «100 жаңа оқулық» залында «Жаманнан жирен...» атты тақырыпта конференция өтті. Конференцияға дәрігер мамандар және зиялы қауым өкілдері қатысты. Нашақорлық – қоғам дерті екендігі және одан сақтануды мамандарымыз жастарымызға мағұлыматтар беріп, студенттеріміздің көкейінде жүрген сұрақтарға тұщымды жауаптар берді. Жиын соңында А.М.Молдабаева Шымкент қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының маманы жастарға аталған теріс жолдарға туспедің алдын алу бойынша ақпараттық парақшалар таратты.

2021 жылдың 17 ақпан күні Шымкент қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Ғылыми-сарапшылық топтың отырысы өтті. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті "Рухани жаңғыру және тәрбие" бөлімінің басшысы Қ.Анарбаев қатысып баяндама жасады. Іс - шара барысында топтың биылғы жылға арналған жұмыс жоспары талқыланып, этносаралық қатынастар саласында ғылыми тұрғыда негізделген талдау, сараптау жұмыстарын жүргізу мәселелері қозғалды.

2021 жылдың 17 ақпан күні ОҚМПУ қабырғасында Дене тәрбиесі мен бастапқы әскери дайындық кафедрасының ұйымдастыруымен "Ауғанның отты жалыны" атты ашық тәрбие сағаты өтті. Тәуелсіздік жолында күрескен аға - апаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып, білімгерлерді ұлтжандылыққа, Отанын сүйуге тәрбиелеу. Іс – шара барысында Ауғанстан соғыс ардагерлері, ОҚМПУ ректоры Г.Д.Сүгірбаева, оқу және оқу-әдістемелік істер жөніндегі проректор Б.Қ.Исабек және Әлеуметтік және тәрбие істер жөніндегі проректор А.М.Байғұтоваларды республикалық қоғамдық бірлестігінің шешімімен "Қолдаушы" медалімен марапаттады.

2021 жылдың 18 ақпан күні Шымкент қалалық жасөспірімдер кітапханасында «Адалдық алаңы» жобасы аясында «Парасат жолы» орталығы ашылды. Сонымен қатар, аталмыш тақырыпта кітап көрмесі ұйымдастырылып, орталықтың тұсауын жазушы-драматург Захардин Қыстаубаев, ОҚМПУ-нің «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қайрат Анарбаев лентасын қиды. Орталықтың ашылуына ОҚМПУ комплекс-офицері А.Амирхановта қатысты. Кеш барысында Қайрат Анарбаев баяндама жасап, зиялы қауым өкілдері орталықтың сыбайлас-жемқорлыққа қарсы күрестің бастамасы екенін тілге тиек етті.

2021 жылдың 18-26 ақпан аралығында ОҚМПУ қабырғасында Қазақстан Республикасының 30 жылдығына арналған іс- шаралар жоспарына сай танымал суретші, бұрынғы КСРО суретшілер одағының және Қазақстан Республикасы Дизайнерлер одағының мүшесі Р. Естемесовтың «**Ұлы даланың ойлы өрнектері**» атты жеке шығармашылық көрмесі студент жастарымызға таныстыру жұмыстары жүргізілуде.

2021 жылдың 23 ақпанда Шымкент қалалық жасөспірімдер кітапханасында «Адалдық алаңы» жобасы аясында «Парасат жолы» орталығында Ж. Жабаевтың 175 жылдығына орай «Ұлы даланың алып жаршысы» атты Жамбыл оқулары өтті. Жамбыл өмірінен деректер негізіндегі бейнероликпен ашылған кеште ақын өлеңдері оқылып, әуезді әндермен көмкерілді. Әділқазылар алқасы болып ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ.Анарбаев қатысты. Бұл сайыста оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болды.

2021 жылдың 18-26 ақпан күндері ОҚМПУ қабырғасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған КСРО суретшілер одағының және Қазақстан Республикасы Дизайнерлер одағының мүшесі Р.Естемесовтің «**Ұлы даланың ойлы өрнектері**» атты жеке шығармашылық көрмесі өтті. Көрменің қорытынды іс-шарасына қала әкімдігі, Ішкі саясат және Мәдениет басқармалары мен Шымкент қаласы бойынша «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің өкілдері арнайы қонақ ретінде шақырылды. Қорытынды іс-шарада сөз алған ОҚМПУ ректоры Г.Д. Сугирбаева қылқалам шебері Р. Естемесовке аталған көрменің мәнді және мазмұнды өтуіне қосқан үлесі үшін ұжым алғысын жеткізді. Іс-шара барысында қонақтар суретшінің шығармашылық ерекшеліктеріне және Шымқаланың сәулеттік тұрғыдан көркеюіне қатысты ұсыныстары төңерегінде пікір алмасты. Ұсыныстар арасында қаламыздағы және өңірдегі танымал суретшілердің

еңбектерінің арнайы көрмесін жасақтау, кейбір туындыларды елге мейрамхана холлдарына қою арқылы да таныстыру, танымал суретшілерді ЖОО студенттерге тәжірбиелік сабақтар беруі сияқты т.б. ерекше ойлар кездесті. Жиналғандар осындай ұсыныстардың қала басшылығы тарапынан қолдау табатындығына сенім білдіріп тарасты.



2021 жылдың 26 ақпан күндері 20-31 қаңтар аралығында өткен Ұлттық бірінғай тестілеуді ұйымдастыру және өткізу барысында өзіне тапсырылған міндеттерді аса жауапкершілікпен орындап, белсенділік танытқан үшін Комплаенс-офицер А.Амирхановты ОҚМПУ ректоры Г.Д.Сугирбаева Алғыс хатпен марапаттады.

2021 жылдың 1 наурыз күні А.С.Пушкин атындағы Түркістан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы «Алғыс айту» күні қарсаңында қоғамдағы руханиятты жаңғыртып, ұлттың рухани болмысын, ақыл-ой мен парасатын қалыптастыру жолындағы бірлесе атқарған қызметтері үшін ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ.Анарбаевты Алғыс хатпен марапаттады.

Өз кезегінде Қ.Анарбаев облыстық кітапхана ұжымына алғыс айта отырып, бұл ЖОО ұжымының жалпы жұмыстарына берілген баға ретінде қабылдайтындығын жеткізді.

2021 жылдың 2 наурыз күні Көрме Орталығында «Шымкент қаласының киелі жерлері мен тарихи мәдени ескерткіштері» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ.Анарбаев қатысып, «Шымкент қаласы бойынша киелі жерлердің географиясы» атты тақырыпта баяндама жасады. Кездесу барысында Киелі мекен географиясының құрылуы - адамның рухани

баю мәселесін алға тартып қана қоймай, сонымен қатар мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді, бай тарихымыздың құндылықтарын көрсету туралы сөз қозғалды.



2021 жылдың 10 наурызы күні «Хакім Абай» музейінде белгілі абайтанушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Мақсат Әліпханның «Адамгершілік ілімі және Хакім Абай» атты кітабының тұсаукесері өтті. Іс-шараға ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қайрат Анарбаев қатысты. Кітапта адамзат танымының тарихында қызу талқыландырылған адамгершілік ұғымының мән-мазмұны мен төркін-тегі Аристотель, Плотин, Әл-Фараби, Ибн-Сина еңбектері негізінде жүйеленіп, айқындалған. Адамгершіліктің ең қайырымдылық пен жан саулығы, ең берісі игілік пен бақыт екені түйінделген.

2021 жылдың 11 наурызы күні Филология факультетінің ұйымдастыруымен «Ұлы дала тарихындағы руханият іздері» атты ғылыми-танымдық кеш өтті. Іс-шара барысында Халықтың «Рухани жаңғыру» мәселелері, ұлттық рухты ояту жолдары жайында сөз болып, баяндамашылар зерттеу жұмыстарымен таныстырды. Кеш соңында студент жастарымыз хакім Абай өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

2021 жылдың 30 наурызы күні ОҚМПУ қабырғасында Дәстүрлі әнші - термеші, IV Республикалық Ә.Қашаубаев атындағы қазақтың халық әндерін орындаушылар конкурсының жеңімпазы, қазақ ән өнерінің майталмандары Жәнібек Кәрменов пен Қайрат Байбосыновтың шәкірті Кенжебай Шалұлымен онлайн сұхбат өтті. Кездесу барысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы қазақ өнері, оның ішінде дәстүрлі ән өнерінің ерекшеліктері, тарихи мектептері, бүгінгі деңгейлері мен келешегі туралы мәселелер әңгіме арқауы болады.



2021 жылдың 5 сәуір күні Әл-фараби атындағы қалалық ғылыми – әмбебап кітапханасында «Парасат жолы» орталығы ашылды. Іс-шараға қалалық ақпараттық-ағартушылық штабының мүшелері М.Байғұт, Ш.Мырзахметов, С.Мәжінбеков, А.Қалшабек, Қ.Анарбаев, қатысты. «Парасаттылықтың қайнар көзі – қазақтың көркем әдебиеті» деген белгілі жазушы Мархабат Байғұт, осы көркем әдебиет арқылы бірлесе парасаттылықты дәріптеудегі Орталықтың маңыздылығына тоқталды. Жас ақындар парасаттылық бойынша өз шығармаларын қатысушылардың назарына ұсынды.

2021 жылдың 8 сәуір күні Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығы «Салт-дәстүрде - Ақ отау» атты тақырыпта киіз үй құрудан шеберлік өткізді. Іс-шараға «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің маманы А. Бердібаев қатысты. Қазақ халқының дүниетанымында заттық, әрі рухани мәдениеттің үздік үлгісі саналатын киіз үйдің тарихын, құрлымын, шаңырақ, уық, кереге, т.б жабдықтарының мән мағынасын жеткізу, жастарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



2021 жылдың 14 сәуір күні Шымкент қаласының орталықтандырылған балалар кітапханалар жүйесінің №1 кітапханасының "Парасат жолы" орталығында **"Бабалар үні ұрпаққа өнеге"** атты іс-шара өтті. Іс-шара қонақтары арасында «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Анарбаев Қайрат Сапарханұлы, кітапхана меңгерушісі Сарсенбаева Гүлмайра, кітапханашы Стыбаева Гүлнұр, №26 мектеп-гимназиясы қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі Абдибекова Сәуле, орталық балалар кітапханасының әдіскері Турғынбаева Фарид, балалар кітапханасының II дәрежелі кітапханашысы Қабалова Әсем және 9 сынып оқушылары қатысты.

2021 жылдың 28 сәуір күні Шымкент қалалық жасөспірімдер кітапханасы және «Парасат жолы» орталығының ұйымдастыруымен **«Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай-30 кітап»** рухани – мәдени акциясы аясында **«Ұлттың сүйген жүрек үні»** атты онлайн конференция өтті. Іс-шараға «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ. Анарбаев, Кітапханашы «Филолог» қазақ әдебиеті ғылым магистрі Ж. Оразалиева, кітапханашылар, студенттер, қатысты. «Парасат» колледжі студенттерінің қатысуымен өткен конференцияда акциядағы проза жанры бойынша алынған туындыларға көркемдік талдаулар жасалып, тұщымды пікірлер айтылды.

2021 жылдың 29 сәуір күні ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімі Ы.Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасы мен бірлесе отырып **«Ы.Алтынсарин және қазақтың Ұлттық танымы мен тарихи жады»** атты онлайн сұхбат өткізді. Іс-шараға ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Анарбаев Қайрат Сапарханұлы модераторлық етті. Сұхбатқа Шымкент қаласы, Түркістан облысы, Ақтөбе облысы, Қостанай облысы әкімдіктерінің білім беру бөлімдеріне қарасты ЖОМ өкілдері, Қостанай облыстық Ы. Алтынсарин атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасы, Түркістан көлеміндегі кітапханашылар, қатысты. Онлайн сұхбат барысында мерей тойға қатысты

өтетін жұмыстарды бірлесе атқаруға, қолда бар материалдармен алмасуға уағдаласты. Қатысушыларға Ы. Алтынсарин атындағы мұражай материалдары негізінде электронды альбом және Ы. Алтынсариннің шығармашылығына қатысты ғылыми зерттеу мақалалардың соңғы бес жылдағы электронды топтамасы сыйға тартылды.



2020-2021 оқу жылында бөлім мамандары Түркістан облысы мен Шымкент қаласы әкімдігі, басқармалары, кітапханалары мен мәдениет ошақтарының іс-шараларына белсене қатысып отырды. Сол жұмыстар нәтижесінде бөлім басшысы «Қазақстан Халықтары Ассамблеясының 25 ж.» төсбелгісіне, Алғыс хаттарға және мамандар ЖОО басшыларының, факультеттердің және бөлімдердің алғыстарына ие болды.

2021 жылдың 16 сәуірі күні ОҚМПУ қабырғасының №1 жатаханасында Шымкент қаласы ПД Әл-Фараби аудандық полиция басқармасының анықтаушылары және «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ. Анарбаев **"Жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру"** атты тақырыпта студенттермен кездесу өткізді. Жастарымызды құқықтық сауаттылықтарын арттыра отырып, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық Полиция басқармасының Анықтау бөлімінің бастығы, полиция майоры – О.О.Әлжанов пен Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық Полиция басқармасының бөлімінің аға анықтаушысы, полиция аға лейтенанты – Р.Б.Нұрашевпен кездесу өтті.

2021 жылдың 23 сәуір күні «Oñtústik» телеарнасына Мемлекет. Қоғам. Дін бағдарламасына «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ. Анарбаев «**XX ғасырдағы қазақ ойшылдары, жастар мәдениетінің мәселелері**» атты тақырыпта сұхбат берді.



2021 жылдың 26 сәуір күні «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөліміне 1201-80 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандықтарының студенттері келіп, «**Рухани жаңғыру Ұлттық сананың серпілісі**» атты тақырыпта «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ.Анарбаевтан сұхбат алды.

2021 жылдың 12 мамыр күні Шымкент қаласы білім басқармасының «Индустриалды техникалық колледжі» заманауи оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін және түрлі салалардағы прогресті талқылауға арналған «**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл**» атты техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтары мен студенттері арасында ұйымдастырылған Республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияға «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімнің басшысы Қ.Анарбаев комиссия отырысына төраға болып қатысты.

2021 жылдың 14 мамыр күні ОҚМПУ қабырғасында «А» оқу ғимаратының және №1 студенттер үйінің жауапты медбикесі Сансызбаева Марзия Омарханқызы мен «**Сізге білген дұрыс...**» атты тақырыпта онлайн кездесу өтті. Сұхбат барысында бүкіл әлемді дүр

сілкіндірген **COVID-19** туралы әңгіме өрбіді. Әлеуметтік желі қолданушы студент жастар көкейіндегі жүрген сұрақтарын қойып тұщымды жауаптар алды. (https://www.instagram.com/tv/CO2TavKDlio/?utm_medium=copy_link).

2021 жылдың 26 мамыр күні Шымкент қаласы «Адалдық алаңы» қызмет орталығында «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы, қалалық ақпараттық-ағартушылық штабының мүшесі Қ.Анарбаев «Даналық ойлардан дән ізде» атты тақырыпта онлайн сұхбат берді. (<https://fb.watch/5JHpXjg-T1/>).

2021 жылдың 28 мамыр күні Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ҚМДБ Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Сарапхана елді мекенінде орналасқан Қазығұрт орталық мешітінде «Қазығұрт-ынтымақ пен бірліктің ұясы» атты семинар өтті. Іс-шараға «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ. Анарбаев қатысып «Бабалар ерлігі мен рухани өрлігі арқылы келген-тәуелсіздік » атты тақырыпта баяндама жасады.



2021 жылдың 1 маусым күні Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) Шымкент қаласы бойынша өкілдігінің М.Әуезов атындағы ОҚУ–мен бірлескен «Хәкім Абай Һәм Ихсан ілімі» атты республикалық ғылыми-практикалық онлайн және офлайн конференция өтті. Іс-шараға қадірменді қонақтар арасында ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, Абайтанушы ғалым ф.ғ.д., профессор М. Мырзахметов, Шымкент қаласы дін істер басқармасының басшылығы, қалалық мешіттердің өкіл имамдары, дінтанушы мамандар, ЖОО

ПОҚ, зиялы қауым өкілдері қатысты. Конференция барысында ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ.Анарбаев қатысып, «Қазақ дүниетанымындағы Құдіретті күш туралы ұғымдардың кейбір танымдық тұстары» атты баяндама жасады.



2021 жылдың 4 маусым күні ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің бастамасымен Жастар саясаты бөлімі және 2021 жылғы үздік түлектермен бірге қаламыздағы «Тәуелсіздік саябағында» 4 маусым – мемлекеттік рәміздер күніне орай ұлықтау шарасы.https://www.instagram.com/tv/CPsWVmKDJ8l/?utm_source=ig_web_copy_link

2021 жылдың 7 маусым күні А.С.Пушкин атындағы Түркістан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Түркістан облысы мәдениет басқармасының бастамасымен «Түркістанның таңдаулы туындысы» акциясы бастау алған болатын, осы акцияның алғашқы бастамасы Халықаралық Алаш және «Түркі әлеміне қызметі үшін» сыйлықтарының лауераты, көрнекті жазушы, проза шебері Мархабат Байғұт шығармалары туралы онлайн сұхбат өтті. «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ. Анарбаев сұхбатқа қатысып, М. Байғұттың шығармалары, жазушының прозалары әңгіме өрбіді.
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=991847194889297&id=100021920771296



2021 жылыдың 8 маусым күні парасаттылық құндылықтарын дәріптеу мақсатында қалалық ақпараттық-ағартушылық штабының мүшесі Қ. Анарбаев Әл-Фараби ауданы бойынша халықты жұмыспен қамту бөлімінің ұжымымен кездесті. Сұхбат барысында халыққа қызмет көрсету барысында сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу бойынша әңгіме өрбіді.

<https://www.facebook.com/100050600656705/videos/345100923853260>

2021 жылдың 9 маусым күні Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы "Хакім Абай" музейінде Шымкент қалалық Абай атындағы орталықтандырылған кітапхансымен бірлесіп Қала күніне орай Шымкент қаласының 2200 жылдығы аясында «**Ұлттық мәдениет мәйегі-Шымкент**» атты тарихи кеш өтті. Іс-шараға «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ. Анарбаев қатысты.

2021 жылдың 18 маусым күні Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасында “Қазақтану” ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен “Жаңа Қазақстанның жаңа тарихының бүгінгісі мен болашағы” тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-

шараға «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ. Анарбаев қатысты. Жиында ХХІ ғасырдағы қазақ тарихы теориялық-методологиялық тұрғыдан қалай жазылып, қай бағытта ғылыми айналымға түсуі керектігі жайындағы мәселелер талданып, еліміздегі этникалық және ұлттық мәселелерге тарихи бағаларын берді.

2021 жылдың 23 маусым күні «Назарбаев орталығында» Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Ел астанасы Нұр-Сұлтан қаласы күніне орай «Елорда - Елбасының тарихи қолтаңбасы» атты дөңгелек үстел өтті. Кешке модераторлық жасаған «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімі басшысы Қ.Анарбаев кештің мақсаты мен қонақтарын таныстырып өтті.

Кеш қонақтары:

1. Ә.Ташқараев - Түркістан облысының құрметті азаматы, қоғамдық Кеңесінің мүшесі, ардагер құрылысшы
2. Е. Байқонақов - Шымкент қаласы ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ басшысы
3. И.А. Хашимжанов - Қазақстан Республикасы өзбек этномәдени бірлестіктері «Дустлик» қауымдастығының төрағасы
4. З. Оралбаева - Шымкент қаласы «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің жетекшісі
5. Б.К. Сыдықов - Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің тәрбие істері жөніндегі проректоры
6. М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Орда» университетінің тәрбие жұмыстарына жауапты мамандары қатысты.
(https://www.instagram.com/tv/CQc-ZwTDrML/?utm_source=ig_web_copy_link).



«Рухани жаңғыру» бағдарламасын түсіндіру мен насихаттау бойынша БАҚ бөлім мамандары және ЖОО ПОҚ мақалалары мен сұқбаттары жарияланып тұрады. Олар туралы мәліметтер төмендегі кестеде:

№	Мақаланың тақырыбы	Авторы	Жарияланған орны	Жарияланған мерзімі
1	«Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесен-істің бәрі бос»	Филология ғылымдарының кандидаты Н.Нұрпейісов	Шымкент келбеті	10.06.2020 ж
2	«Кангүй был одной из самых достойных страниц в нашей истории»	Тарих және педагогика факультеті т.ғ.д., профессор А.Подушкин	Панорама Шымкент	13.08.2020 ж 25.09.2020 ж
3	«Абайды оқы, орында»	Оқу және оқу әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Б.Исабек	Шымкент келбеті №73	
4	Ар ілімін асқақтатты	Оқу және оқу әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Б.Исабек	ЕгеменҚазақстан	5.10.2020 ж.
5	Қажымұқан жайлы біз білмейтін дерек көп	ОҚМПУ профессоры т.ғ.к, доцент С.Әбубәкіров	Шымкент келбеті №77	09.10.2020 ж.
6	Абай ілімі өмір салтымызға айналуы тиіс	Филология ғылымдарының кандидаты филология факультетінің деканы Н.Нұрпейісов	Шымкент келбеті №77	09.10.2020 ж.
7	«Ұлы даланың шырайлы шаһары»	Филология факультеті, филология ғылымдарының кандидаты Ф.Кажиақбарова	Ардагерлер тынысы №10	14.10.2020 ж.
8	Елбасы мақаласы – Ел болашағына	ОҚМПУ ректоры т.ғ.д. Г.Сугирбаева	Шымкент келбеті	7.10.2020 ж.

	бағдар			
9	Ел ардақтысы	ОҚМПУ ректоры т.ғ.д. Г.Сугирбаева	«Оңтүстік Қазақстан»	24.11.2020 ж
10	Независимость-это неприкосновенность границ	ЮГПУ кандидат, философиялық наука доцент А.Турашбеков	Панорама Шымкент	31.12.2020 ж.
11	Тәуелсіздік және ұштаған тағылымы	Филология ғылымдарының кандидаты, филология факультетінің деканы Н.Нұрпейісов	«Оңтүстік Қазақстан» №5	14.01.2021ж .
12	Ұстаз Ұлағатты болса, оның асыл қасиеттері шәкірт зердесінде мәңгі қалып қояды	ОҚМПУ ардагерлер кеңесінің төрағасы п.ғ.д профессор І. Сманов	Ардагерлер тынысы №3 (19) -11-13 бб.	Наурыз 2021ж.
13	Ғылым дамымай ел болашағы бұлыңғыр	ОҚМПУ ректоры Г.Сугирбаева	Шымкен келбеті	14.04.2021 ж.
14	Қолтаңбасы ерекше қаламгер	«Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы т.ғ.к. доцент Қ. Анарбаев	Жас алаш № 297	15.04.2021 ж.
15	Мектебі жақсы қандайды!	ОҚМПУ, Қазақ тілі мен әдебиет кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Базаркүл Омар	Ардагерлер тынысы №4	Сәуір 2021 ж.
16	Өнерге деген іңкәрлік	ОҚМПУ ардагерлер кеңесінің төрағасы, п.ғ.д профессор І.	Ардагерлер тынысы №4	Сәуір 2021 ж.

		Сманов, техника ғылымдарының докторы, профессор Ә.Аширов.		
17	Олжас философиясы (О. Сүлейменовтың 85-жылдығына арналады)	ОҚМПУ философия ғылымдарының кандидаты, доценті А. Тұрашбеков	Тұлға газеті	12.05.2021 ж.
18	Ұстаздық еткен жалықпас	Филология ғылымдарының кандидаты филология факультетінің деканы Н.Нұрпейісов	Шымкен келбеті №39	19.05.2021 ж.
19	Қайрымды қаланың басшысы қандай болу керек?	Оқу және оқу әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Б.Исабек	Шымкен келбеті	14.05.2021 ж.
20	Зайырлы мемлекет қоғамның дамуы мен өркендеуінің кепілі.	Қ. Анарбаев ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие бөлімінің» басшысы, т.ғ.к.,доцент м.а.	https://www.facebook.com/102237168332379/posts/245407244015370/	27.05.2021 ж.
21	Діни экстремизм-бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп.	Қ. Анарбаев ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие бөлімінің» басшысы, т.ғ.к.,доцент м.а.	https://www.facebook.com/102237168332379/posts/245407614015333/	27.05.2021 ж.
22	Мұрағат материалдары тарихшыларға қолжетімді болса	Сағынғали Әбубәкіров, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор	https://www.facebook.com/photo/?fbid=2539986959647588&set=a	30.05.2021 ж

23	Ғалымдарды маңызды жұмыстар күтіп тұр	Бахадыр Айтай, тарих ғылымдарының кандидаты, ОҚМПУ-дің аға оқытушысы	https://www.facebook.com/photo?fbid=2539996142980003&set=a.1383910468588582	30.05.2021 ж
24	Тарихымызды түгендеп, рухымызды оятатын кез келді	Н.Нұрпейісов, филология ғылымдарының кандидаты, ОҚМПУ Кешкі оқыту және дайындық факультетінің деканы	https://www.facebook.com/photo?fbid=2540040922975525&set=a.1383910468588582	30.05.2021 ж
25	Шымкент: Кеше және бүгін	Оқу және оқу әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Б.Исабек	Шымкент келбеті №47	16.06.2021 ж
26	Құнды жәдігерлер – көне тарихтың куәсі	Тарих және педагогика факультеті т.ғ.д., профессор А.Подушкин	Егемен Қазақстан	17.06.2021 ж

3. Телебағдарламалар мен арнайы сайттарда жасалған сұқбаттар

№	Телебағдарлама немесе сайт атауы	Телеканал	Авторы	Сайты
1	2020 жылдың 1 қыркүйек күні «Біздің назарда» бағдарламасында өткен «Ата заң – Тәуелсіздіктің тірегі»	«Ontustik» телеарнасы	ОҚМПУ т.ғ.к., аға оқытушы Б.Айтай	http://shymkenttv.kz/kz/archive/program.

	тақырыбындағы сұқбат			
2	Бүгінгі әңгіме Қазіргі жағдайдағы білім 25.09.2020	Оңтүстік телеарнасы	Оқу және оқу әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Б.Исабек	https://shymkenttv.kz/kz/archive/programs/programs_ruh/angime_oko/1143813?_utl_t=tm
3	«Рухани жаңғыру» аясында 09.10.202 ж. Түркістан оқулары»	Сәт телеарнасы	«Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ.С. Анарбаев.	https://youtu.be/O5E_NpYEmAI
4	«Рухани жаңғыру: Түркістан оқулары» 10.10.2020 ж.	Сәт телеарнасы	«Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ.С. Анарбаев.	https://youtu.be/H-ZksbSYrxE
5	7.10.2020 ж. «Ұлттық өнер ұлықтауда»	Оңтүстік телеарнасы	ОҚМПУ ректоры т.ғ.д. Г.Сугирбаева	https://youtu.be/p4wL
6	Дін мен дәстүр бағдарламасы 03.11.2020	Оңтүстік телеарнасы	«Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ.С. Анарбаев	https://www.youtube.com/watch?v=O5E_NpYEmAI&list=UUEER_GnzOJuB8w3YcGt-pHKA&index=8
7	Мемлекет. Қоғам. Дін 14-шығарылым	«Оңтүстік» телеарнасы	«Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қ.С. Анарбаев	https://shymkenttv.kz/kz/archive/programs/programs_morning/memleket_kogam_din/1163373?_utl_t=tm

	15.12.2020 ж			
8	Ә. Науаидің туғанына 580 жыл 25.02.2021 ж	Айғақ телеарнасы	Г.Д.Сугирбаева ОҚМПУ ректоры	https://youtu.be/MPNpGhnsanU
9	Мемлекет. Қоғам. Дін 23.04.2021 ж «XX ғасырдағы қазақ ойшылдары, жастар мәдениетінің мәселелері»	«Oñtústik» телеарнасы	«Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімнің басшысы Қ.С. Анарбаев	«Oñtústik» телеарнасы
10	«Парасат жолы», «Адалдық алаңы» бойынша сұқбаттар	Шымкент қаласы бойынша Антикор орталығының ресми сайты	«Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімнің басшысы Қ.С. Анарбаев	https://www.instagram.com/tv/CPia9T_hc9h/...

4. Университеттегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша атқарылған жұмыстар.

2020-2021 оқу жылынан бастап университетте комплаенс-офицер қызметі енгізілді. ОҚМПУ-ның 2020 жылдың 15 қыркүйектегі №1/314-Ж/Қ «Жеке құрам бойынша» бұйрығы негізінде Амирханов Азамат Бауыржанұлы комплаенс-офицер қызметіне тағайындалды.

Бөлімнің мамандары жоспарға сай антикор және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары, оның ішінде «Таза сессия», «Парасаттылық мектебі», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» бағыттарындағы іс-шараларға белсене ат салысты. Университет бойынша арнайы құрылған қоғамдық кеңестер мен комиссиялар жұмыс жасады. Атап айтқанда, Әдеп бойынша кеңестің төрайымы болып п.ғ.к., доцент Тілеуова С.С. бекітілді. Кеңес құрамы 11 мүшеден тұрады: 4 ОПҚ, комплаенс офицер, кәсіподақ ұйымының

төрағасы, студенттік ректор, 1 студент, сонымен қатар кеңеске «Жалын» үкіметтік емес ұйымының төрағасы Керімбеков Қ.Б., Шымкент қаласының №55 жалпы орта мектебінің директоры Оралбекова Г.О. енді. Кеңеске бақылаушы ретінде университеттің оқу және оқу-әдістемелік істер жөніндегі проректор, әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректор, сондай-ақ хатшы кірді.

Сондай-ақ ЖОО-да «Құқық бұзушылықпен күрес және сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жөніндегі қоғамдық кеңес» жұмыс жасады. Бұл кеңестің төрайымы болып п.ғ.к., аға оқытушы Әбішева Л.П. тағайындалды. Сонымен қатар кеңеске 11 мүше кіреді. Мүшелер құрамына ОПК мен студенттер енді. Бақылаушы ретінде университеттің оқу және оқу-әдістемелік істер жөніндегі проректор, әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректор, сондай-ақ хатшы кірді.

Университеттің қаржылық есебіне қатысты құжаттар оқу орнының ресми сайтында жарияланды. Университет бюджетінің кіріс бөлігінің негізгі баптары келесі: білім беру қызметіне мемлекеттік қаржыландыру, ақылы білім беру қызметтерін көрсету, сондай-ақ негізгі емес қызметтен алынған кірістер (сыйақы түріндегі кірістер, жайды жалға алу, құжаттарды қалпына келтіру, конференцияларға қатысу және т.б.). Университетте Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-3 ЗРК Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына және Қазақстан Республикасының электрондық сатып алу ережелеріне сәйкес үшінші тарап ұйымдарының тауарларын, жұмыстарын және қызметтерін сатып алу жүзеге асырылды.

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жоспарлау және сатып алу Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-ЗРК «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының электрондық сатып алу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылды.

Студенттерді жатақханаға орналастыру бойынша конкурстық комиссия жұмыс жасайды. Конкурстық комиссия жатақханадағы орындарды факультет декандарының қызметхаттары негізінде бөледі. Жатақханаға мұқтаж студент онлайн өтінішін «Univer» жүйесі арқылы рәсімдейді. Жатақханаға орналасу бойынша бұйрыққа университет ректоры конкурстық комиссия шешімі негізінде қол қойды.

Университеттің сайтында келесі мәселелер бойынша ашық ақпарат орналастырылды;

- «Жатақханадағы орын саны» онлайн-порталында университетке тиесілі 5 жатақханадағы бос орындар туралы ақпарат үнемі жаңартылып отырды.
- Жатақханаға мұқтаж білім алушылардың өтініштері универ жүйесі (univer.okmru.kz) арқылы онлайн түрде қабылданып, қаралды.
- Университеттің ресми сайтында (okmru.kz) Жемқорлыққа қарсы әрекет online-порталы іске қосылған. Online-порталда «Онлайн-жатақхана» айдары құрылған. Бұл айдарда ОҚМПУ-ға қарасты жатақханалар жөнінде қажетті ақпараттың барлығы жарияланды. Университеттің 1394 орыннан тұратын 5 жатақханасы бар. Жатақханаға орналасу мәселесінде ешқандай қиындықтар туындамады. Пандемия жағдайына байланысты онлайн оқып жатқандықтан, интернетке қолжетімділігі нашар шалғай елді-мекендерде тұратын студенттердің өтініштері қаралып, университеттің 12 қабатты №1 жатақханасынан орын берілді.

- «Бос гранттар туралы хабарландыру, бос гранттарды бөлу туралы мәлімет». Бұл жөнінде ақпаратпен білім алушылар университеттің ресми сайтының онлайн-порталындағы «Гранттар бөлу» айдарында толыққанды мәліметтермен таныса алды. Бұл айдарда бос гранттар туралы хабарландыру, бос гранттарды бөлу туралы мәлімет, босаған білім гранттарының иегерлері, т.б. ақпарат жарияланды.

ЖОО-да Сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау мақсатында сауалнамалар өткізілді. «Univer» оқу-ақпараттық жүйесіне ең негізгі сауалнамалардың барлығы жүктелген. 1-4-курс студенттері «Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастары», «Оқытушы студенттің көзімен» секілді сауалнамаларға қатысты. Бұл сауалнамалардың басты мақсаты – студенттердің бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру, білім саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу. Сауалнама нәтижелері ректорат, факультет кеңестерінде, кафедра мәжілістерінде талданып, тиісінше қаулылар қабылданды. Сауалнама соңында факультеттер үшін аналитикалық есептер жасалып, қорытынды мен ұсыныстар берілді.

Студенттер мен профессорлық-оқытушылық құрамның сыбайлас жемқорлық және академиялық адалдық ережелерінің бұзылуы жағдайлары бойынша жүгінуі үшін университет сайтында «Ректор блогы» айдары жұмыс жасады. Сондай-ақ инстаграм әлеуметтік желісінде oqmu_antikor, фейсбук әлеуметтік желісінде ОҚМПУ, Антикор парақшалары жұмыс жасады.

Ғылыми кеңес шешімі негізінде университет ректорының бекітуімен «Әдеп және академиялық адалдық кодексі» қабылданған. Кодексте:

- университеттің білім алушысы мен қызметкерінің әдебі;
- академиялық адалдық;
- академиялық адалдық бұзушылықтарының түрлері;
- зерттеу әдебінің қағидалары;
- жауапкершілік түрлері және жаза қолдану тәртібі т.б. енген.

ОҚМПУ-да білім алушылардың жазбаша жұмыстарында (дипломдық, магистрлік жұмыстар) плагиаттың болуына тексеру «Антиплагиат» АҚ-ның (<https://okmpi.antiplagiat.ru/>) лицензиялық бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды. Ең соңғы лицензиялық келісім №866 16.01.2019 ж. жасалған.

20.04.2018 ж. «ОҚМПУ-ның оқытушы-профессорлар құрамының, студенттердің жазбаша жұмыстарын тексерілуін жүзеге асыру ережесі» бекітілді. Бұл оқыту үрдісінің оқу және ғылыми жұмыстарын жетілдірудің, кәсіби тұрғыдан дамытуының қажетті талабы болып табылады. Ережеде университеттің ОПК мен студенттердің жазбаша жұмыстарын өз бетінше орындалу деңгейін анықтау, ережені басшылыққа алу талаптары айқындалған. Бұл ереже университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттерінің оқу және ғылыми жұмыстарының сапасын күшейту, шығармашылық белсенділігін арттыру, азаматтардың зияткерлік құқығын сақтау мақсатында енгізілген.

22.09.2020 ж. күні ҚР Шымкент қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы департаментінің ұйымдастыруымен «Antikor.Live» бағдарламасына Шымкент қаласының ақпараттық-ағартушылық штабының мүшесі, университеттің «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің

басшысы, т.ғ.к. Қ.С.Анарбаевпен кездесу өтті. Кездесу барысында Анарбаев Қ.С. мінез құлықтың қалыптасуындағы имандылықтың ролі жөнінде тағылымы мол әңгімені өрбітті;

25.09.2020 ж. күні ҚР Шымкент қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы департаментінің ұйымдастыруымен «Antikor.Live»бағдарламасына Шымкент қаласының ақпараттық-ағартушылық штабының мүшесі, университеттің «Жастар саясаты» бөлімінің маманы М.Өстемірмен кездесу өтті. Жас маман Өстемір Мүслім сыбайлас жемқорлық қоғамның дамуына кедергі келтіретін қауіпті індет, жастардың бойында сыбайластыққа жол бермеу, оған төзімділік жасамау секілді пікірлерімен бөлісті;

02.10.2020 ж. күні Өскелең ұрпақтың санасында парасаттылық пен адалдық қағидаттарын қалыптастыру мақсатында ZOOM платформасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің бас маманы Жазира Салханқызы Әлжанованың қатысуымен «Жастарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезімді қалыптастыру және дамыту, адал табыс табуды насихаттау» атты семинар ұйымдастырылды. Семинарға университеттің «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің комплаенс-офицері Амирханов А.Б. және 100-ден астам студенттер қатысты;

05.10.2020 ж. күні ZOOM платформасында Тарих және педагогика факультетінің деканы ф.ғ.к. Э.Б.Оразбаева мен декан орынбасары А.Д. Қылышбаевтың ұйымдастыруымен факультет студенттеріне университеттің комплаенс офицері А.Б. Амирханов "Әдеп және академиялық адалдық кодексі", "Жастарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру" тақырыптары бойынша семинар өткізді.

5.11.2020 ж.күні Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша Департаменті жанындағы «Шымкент – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің өкілі Садібеков Бижан Абдигапбарұлы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық-ағартушылық штаб жетекшісі Мәжімбеков Сәкен Аралбайұлы университет қызметкерлерімен кездесті. Қонақтар кездесу барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған заңға енгізілген өзгерістері жайлы және адалдық, парасаттылық құндылықтары жайлы баяндама жасап, сыбайлас жемқорлықпен күресуге арналған парақшалар таратты.

26.11.2020 ж. күні инстаграм әлеуметтік желісінде «Шымкент – Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің басшысы, Шымкент қаласы әкімінің штаттан тыс кеңесшісі Жани Қамбармен сұхбат өтті. Сұхбат барысында «Шымкент – Адалдық алаңы» кеңсесінің жұмыстарының барысы мен парасаттылық, әділдік қағидалары жайлы айтылып, сұхбат соңында студенттер жолдаған сұрақтарға жауап берілді. Аталған бағыттағы жұмыс барлық факультеттерде, топтарда тұрақты түрде жүргізіліп отырды.

16.03.2021ж. күні Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті басшылығымен білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында онлайн форматта кездесу өтті. Кездесуде департамент басшысы Асхат Жұмағали, оның бірінші орынбасары Талғар Серікбаев және ақпараттық-ағартушылық штабының жетекшісі Сәкен Мәжінбеков сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгерістермен университет ұжымын таныстыра келе, жастарды тәрбиелеудегі білім беру орындарының рөліне ерекше тоқталып өтті. Кездесу соңында университетіміздің ректоры Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бойынша оқу ордамызда атқарылып жатқан жұмыстар бойынша баяндама жасады. Шараны қорытындылаған департамент басшысы Асхат Жұмағали университет ұжымын келе

жатқан Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтап, елге адал қызмет ететін, саналы ұрпақты тәрбиелеуде бірлесе жұмыс жасауға дайын екендіктерін жеткізді.

16.04.2021 ж.күні Білім алушылардың құқықтық сауаттылықтарын арттыра отырып, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Жастар арасындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық Полиция басқармасының Анықтау бөлімінің бастығы, полиция майоры – О.О.Әлжанов пен Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық Полиция басқармасының Анықтау бөлімінің аға анықтаушысы, полиция аға лейтенанты – Р.Б.Нұрашевпен кездесу өтті.

Silkway Халықаралық университеті мен «Шымкент-адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің ұйымдастыруымен жоғарғы оқу орындарының студенттері арасында өткен «Шешен кісі сөз бастар, әділ кісі - ел бастар» атты SWIU президенті кубогына арналған қалалық интеллектуалды ойыны өткізілді. Университетіміз атынан қатысқан Физика-математика факультетінің 1-курс студенті Ауешов Аманжол 1-орынды, Жаратылыстану факультетінің 1-курс студенті Есенгелді Жасұлан 2-орынды иеленді.

Бөлім басшысы т.ғ.к. Анарбаев Қ.С. Шымкент қаласы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша құрылған ақпараттық-насихат тобының белсенді мүшесі. Осыған орай департамент тарапынан ұйымдастырылған іс-шараларға белсене қатысқаны үшін департамент басшысының арнайы Алғыс хатымен марапатталды.

2020-2021 оқу жылының сессия барысын қадағалауға, сондай-ақ сессия кезінде келеңсіз жағдайларды болдырмау мақсатында 8.12.2020 жылғы №4/154 бұйрығы негізінде «Таза сессия» штабы құрылып, құрамы бекітілді. Штаб мүшелері пандемия жағдайына байланысты қашықтықтан онлайн форматта өткен сессия барысын ZOOM платформасы арқылы бақылады. Әдеп және академиялық адалдық қағидаларын бұзған білім алушыларға акт толтырылып, жиған ұпайлары жойылды.

2020-2021 оқу жылының сессияларында OES прокторингі жүйесі де қолданылды. Емтихан нәтижелерін сараптау мақсатында университеттің 11.12.2020 жылғы №4/156 бұйрығы негізінде арнайы комиссия құрылды. Сараптау жұмыстарының қорытындысына сәйкес техникалық себептерге байланысты емтиханды талапқа сай тапсыра алмаған студенттердің емтихан нәтижелері жойылып, қайта тапсыруға жіберілді.

Оқу-білім беру үдерісіндегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейін анықтау мақсатында Univer жүйесінде «Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қатынасы» атты әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан 4271 респонденттің:

- 98,8% ЖОО-да сыбайлас жемқорлық көріністері жоқ екенін;
- 99,1% ЖОО-да сыбайлас жемқорлық жағдайларына тап болмағанын;
- 99,1% ЖОО-ғы сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің бастамашысы студенттер (топ басшысы) болып табылмайтынын;
- 98,9% ЖОО-ғы сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің бастамашысы пән оқытушысы болып табылмайтынын;
- 98,8% ЖОО оқытушылары тарапынан бопсалау фактілерінің жоқтығын;
- 97% сыбайлас жемқорлыққа итермелейтін себеп – қанағаттанарлықсыз немесе 4 баллдан төмен балл алудан қорқу емес екенін;
- 99,1% ЖОО-дағы ықтимал сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлауға дайын екендіктерін;
- 99,1% ЖОО қабылдайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділік деңгейін оң деп бағалайтындарын атап көрсеткен.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау жағдайлары мен мүмкіндіктерін объективті және жан-жақты анықтау мен талдау субъектілерінің қызметіне қатысты ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық факторларын жою бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларын негізге ала отырып, арнайы комиссия құрылып, университеттің ішкі актілеріне сараптама жұмыстары жүргізілді.

2020-2021 оқу жылының қысқы сессия нәтижесі бойынша күндізгі бөлімде босаған ҚР БЖҒМ мемлекеттік білім грантына (бакалавр, магистратура бойынша) үміткерлерді іріктеу жұмысына университеттің 13.01.2021жылғы №4-18 бұйрығы негізінде арнайы комиссия құрылды. Комиссия жұмысының қорытындысына сәйкес бакалавр бойынша босаған 9 грантқа үміткерлер ретінде тіркелген - 10 үміткердің ішінен талапқа сай 9 үміткер іріктеліп алынды. Ал магистратура бойынша босаған 3 грантқа үміткерлер ретінде тіркелген – 4 үміткердің талапқа сай 3-еуі іріктеліп алынды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің *2020 жылғы 29 желтоқсандағы №2-09-3 / 4781-І хатына сәйкес ISO 37001: 2016 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйелері» стандартын енгізу жұмыстары жүргізілуде.* Соған сәйкес 2021 жылдың 10-11 наурыз аралығында «Қазақстандық Сапа Ұйымы» («КОК Казахстанская Организация Качества») агенттігінің ұйымдастыруымен оқу-үйрену процесі өткізіліп, семинарға қатысқан университет қызметкерлеріне арнайы сертификаттар берілді.

2020-2021 оқу жылындағы қорытынды аттестаттау комиссиясы жұмысының кестесіне сәйкес бітіруші курс білім алушыларының дипломдық жұмыстарын (онлайн) қорғау және базалық пәндер бойынша кешенді емтиханды тапсыру барысында әдеп және академиялық адалдық талаптарының сақталуы "Әдеп жөніндегі кеңес" пен "Құқық бұзушылықпен күрес және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі қоғамдық кеңес" мүшелері тарапынан бақыланды.

Жалпы алғанда университетте ашықтықты, әділдік пен парасаттылықты қамтамасыз етуге барлық құрылым мен қауымдастық мүшелері жұмылдырылған. Қызметкерлер, оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушылар жүріс-тұрысы, мінез-құлқы нормативтік тұрғыда регламенттелген.

Пандемия жағдайында өткізілген іс-шараларға қатысқан студенттер санын дәл анықтау мүмкіндігі әлсіз. Дегенмен ЖОО әлеуметтік желілері мен сайтты пайдаланушылар санымен қоса алғанда шамамен он мыңнан астам адамды қамтитындай жұмыстар легі орындалды деп санауға келеді.

Бөлімнің жұмысының тұтастығы мен толықтығын бағалау

Күшті жақтары

- «Рухани жаңғыру» және тәрбие бағытындағы жұмыстарды атқаруда ОҚМПУ ПОҚ ғылыми әлеуетінің жоғары болуы;
- ЖОО Комплеанс – офицер және Парасаттылық мектебі жұмыстары жүйелі ұйымдастырылған;
- ПОҚ мен білім алушылардың «Рухани жаңғыру» тақырыбында түрлі деңгейлерде онлайн іс-шараларға, конференцияларға белсенді қатысуы, ғылыми еңбектер мен мақалалар жариялауы;
- Студенттердің (оның ішінде шетелдік азаматтығы бар туысқан түркі халықтары өкілдері де бар) арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасына қызығушылығының болуы;
- Студенттердің «Әдеп жөніндегі кеңес», «Құқық бұзушылықпен күрес және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі қоғамдық кеңес және «Таза сессия» штабы жұмыстарына белсенділігінің артуы;
- Топ тәлімгерлерінің «Үздік тәлімгер» байқауына қатысу ынталарының артуы;
- СҒЗЖ «Рухани жаңғыру» тақырыптарымен белсене айналысуларының жоғары болуы;

Мүмкіндіктері

- «Үш тілділікті» және қазақ тілінің бекітілген жаңа әліпбиін барлық ОПҚ - ның меңгеруіне мүмкіндіктер бар;

Әлсіз жақтары

- ПОҚ ЖОО көлеміндегі және мемлекеттік гранттық ғылыми жобаларға қатысуға ғылыми жобаларды ұсынуы деңгейінің төмендігі;
- Комплеанс – офицер штатында заңгер маманының болмауы;
- Бөлім жұмысын жандандыру бойынша берілген тапсырмалар мен ұсыныстардың басқа құрылымдар мен бөлімдер тарапынан орындалуындағы уақыттан кешігу үрдістерінің болуы;
- Кафедралардағы ПОҚ тарапынан «100 жаңа оқулық» бағдарламасы аясында жарияланған еңбектерді студенттерге пайдалану жолдарына байланысты әдістемелік құралдардың жоспарға сай орындалмауы;
- ЖОО шеңберіндегі «Рухани жаңғыру» бағытындағы ғылыми жобаларды қаржыландыруға керекті қаржы көлемінің айқын еместігі;

Қауіптілігі

- «Жаңа әліпбиге» қатысты қоғамдық талқылаулардың әлі жалғасын табуы;

<p>- ЖОО қолөнер, өнер, ұлттық спорт түрлері бойынша үйірме жұмыстарын мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттарына сай дамыту;</p> <p>-«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында орындалатын ғылыми жобаларға негіз боларлық дипломдық, магистрлік жұмыстар тақырыптарын айқындау және студенттердің стартап жобаларының жетістіктерін коммерциализацияландыруды қолға алу;</p> <p>- Республикалық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен біріккен жобаларды қолға алу;</p>	<p>- Мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттары бойынша ЖОО барлық құрылымдарында белсенділіктің бірдей көрініс көрсете алмауы;</p> <p>-Республикалық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен біріккен ғылыми жобалардың болмауы.</p>
--	--

Қорытынды және ұсыныстар


Қорыта айтқанда, «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімі оқу жылында бекітілген жұмыс жоспарына сай белгіленген мақсаттар мен міндеттерді өз деңгейінде атқарып келеді. Бөлім жұмысы жаңа штаттардың ашылуына сай жан-жақты және күрделі бағыттарды қамтып келеді.

2020-2021 оқу жылында бөлімнің атқарған жұмыстарын «қанағаттанарлық» деп бағалай отырып, алдағы уақытта бөлімнің жұмысын одан ары жандандыру үшін бөлім тарапынан төмендегіше ұсыныстар беріледі. Олар:

1.«Рухани жаңғыру» бағдарламасы мерзімсіз жоба. Қоғамдық сананы озық жаңғырту елдегі реформалардың өзегі, елдің үздік отыз мемлекеттің қатарына кіруінің басты шарты болып табылатынын ескере отырып, ПОҚ жеке жоспарларына тәрбие, ғылым бағыттарында "Рухани жаңғыру" бағытындағы атқаратын жұмыстарының ретін көрсетуді міндеттеу және бұл бағытта басқа ЖОО тәжірибелерімен бөлісу (қосымша: М.Әуезов атындағы ОҚУ-де ол тәжірибе енгізілген).

2. Комплеанс – офицер штатына мүмкіндігінше заңгер маман тарту. Аталған штат бойынша құрылымдық өзгерістер енгізу.
3. « Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімі кабинетінен «Әл-Фараби және Абай бұрыштарын» жаңа оқу жылында толық жабдықтау.
4. ЖОО шеңберінде орындалатын «Рухани жаңғыру» бағытындағы ғылыми жобаларды қаржыландыруға керекті қаржы көлемі мен көздерін айқындау.
5. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлық заңнамасының нормаларын сақтау мен насихаттау деңгейін жоғарылату мақсатында ЖОО шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті тұрақты жүргізіп отыру;

Диagramмалық көрсеткіш



№	Жоспар	2019-2020	2020-2021 Орындалу көрсеткіші	2020-2021 Орындалғаны
1	Телевешения	4	5	10
2	Газет мақала	10	12	26
3	Интернет мақала	4	4	6
4	Конференция	2	4	4
5	Кездесулер	3	5	15
6	Семинар	1	1	6
7	Челлендж	1	1	1
8	Байқау	1	1	3
9	Дөңгелек үстел	1	2	8
10	Коучинг	1	0	0
11	Көрме	1	2	2
12	Сыр-сұқбат	2	2	8

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
«Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімі басшысы

Қ.С.Анарбаев

ОҚМПУ Ғылыми Кеңесі мәжілісінде талқыланып, бекітілді № хаттама 30.06.2021 жыл

Дайындаған: Б.Нарымбетова Телефон: 87784242991